

Жалғыз акционер

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың жалғыз акционері болып табылады. Үкімет Қорды және ұйымдарды басқаруды Қор туралы Заңда және Қордың Жарғысында көзделген Қордың Жалғыз акционерінің өкілеттіктерін іске асыру арқылы, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесінде өкілдік ету жолымен ғана жүзеге асырады. Үкімет пен Қордың өзара іс-қимылының негізгі қағидаттары мен мәселелері Өзара іс-қимыл туралы келісімде айқындалған. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың жалғыз акционері ретіндегі өз өкілеттіктерін және мемлекеттік реттеуге байланысты өкілеттіктерді шектейді. Ол Қордың және ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын ұлғайту және активтерін тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық әл-ауқатын арттыру мақсатында қорды басқарады. Үкімет заңнамада және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде арнайы көзделген жағдайларды қоспағанда, Қорға және оның ұйымдарына олардың ағымдағы және инвестициялық қызметіне араласуды қоспағанда, толық операциялық дербестік береді. Басқарма төрағасын қоса алғанда, Қор басшылығы, сондай-ақ ұйымдардың басшы органдары өз өкілеттіктері шеңберінде шешімдер қабылдауда және іс-қимылдарды жүзеге асыруда толық дербестікке және тәуелсіздікке ие болады. Жалғыз акционер тікелей шешетін міндеттер тізімі нақты анықталған. Төменде оның ерекше құзыретіне жататын негізгі мәселелерге шолу келтірілген. Бұл аспектілер Қор үшін оның қызметінің стратегиялық және қаржылық нәтижелерін талдау кезінде өте маңызды, атап айтқанда:

- Қордың Жарғысын бекіту;
- Қордың жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- Қордың Даму жоспарын бекіту;
- Қордың Корпоративтік басқару кодексін бекіту;

- Қордың дивидендтік саясатын айқындау, есепті кезеңнің қорытындылары бойынша Қордың таза табысын бөлу туралы шешім қабылдау, дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімдер қабылдау;
- Қордың Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Басқарма төрағасын тағайындау және қызметінен мерзімінен бұрын босату;
- Қордың Жалғыз акционері айқындаған тізбе бойынша компаниялардың акцияларын иеліктен шығару, сондай-ақ аталған акцияларды сенімгерлік басқаруға беру;
- Қордың Жалғыз акционері айқындаған тізбе бойынша компанияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешімдер қабылдау;
- Қордың Жалғыз акционері айқындаған тізбе бойынша компанияларды тарату және қайта ұйымдастыру туралы шешімдер қабылдау.



Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелердің толық тізбесі Қор туралы заңда бекітілген және Қордың Жарғысында корпоративтік сайтында толық ашылады.

Директорлар кеңесі және оның комитеттері

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖЕТЕКШІ РӨЛІ

Қордың Директорлар кеңесі Қор Басқармасының қызметіне стратегиялық басшылық пен бақылауды қамтамасыз ететін Жалғыз акционерге есеп беретін басқару органы болып табылады. Оның қызметі тиімділік, жауапкершілік және Жалғыз акционер мен Қордың мүдделерін сақтау қағидаттарына негізделген.

Директорлар кеңесі Қор туралы Заңда, Кодексте және Жарғыда белгіленген өз құзыреті шеңберінде шешімдер қабылдайды. Директорлар кеңесі заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Қордың Жалғыз акционерінің немесе атқарушы органының айрықша құзыретіне жататын мәселелерді қарауға уәкілетті емес. 2024 жылы Директорлар кеңесі өз қызметін белгіленген талаптарға сәйкес қатаң түрде жүзеге асырды.

2024 жылы Директорлар кеңесі Басқарма жұмысының тиімділігін талдау мен бағалауға ерекше назар аудара отырып, Орта мерзімді жоспарлауға, ірі инвестициялық жобалардың іске асырылуын бақылауға, тәуекелдерді басқаруға, сондай-ақ корпоративтік басқаруға назар аударды.



Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелердің толық тізбесі Қор туралы заңда бекітілген және Қордың Жарғысында корпоративтік сайтында толық ашылады.

Директорлар кеңесі объективтілік, ашықтық және тәуелсіздік қағидаттарын ұстанады. Шешімдер мұқият талдау, ұзақ мерзімді перспективаларды есепке алу және ықтимал тәуекелдерді бағалау негізінде қабылданады. Басқарма сапасын арттыру үшін Директорлар кеңесі:

- корпоративтік басқаруды күшейтеді және ішкі саясатты жетілдіреді;
- өз қызметін және басқару рәсімдерін үнемі бағалайды;
- Қор менеджменті мен реттеуші органдарды қоса алғанда, мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттеседі;
- активтерді басқару, инвестициялар және корпоративтік басқару саласында халықаралық тәжірибесі бар тәуелсіз директорларды тартады.

Директорлар кеңесінің мүшелері Қордың стратегиялық мақсаттарына және тұрақты дамуға ықпал ете отырып, өз міндеттерін тиімді атқарауда.

Мәселелерді неғұрлым терең және сапалы пысықтау үшін Директорлар кеңесі жанынан Қор қызметінің негізгі аспектілерін егжей-тегжейлі талдауды және сараптамалық бағалауды қамтамасыз ететін комитеттер жұмыс істейді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ³⁶



БЕКТЕНОВ ОЛЖАС АБАЙҰЛЫ

Директорлар кеңесінің төрағасы,
Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Сайланған күні:
ақпан 2024 ж.

Білімі:

- Қазақ мемлекеттік заң академиясы (М. С. Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық заң университеті) - құқықтану;
- Заң ғылымдарының кандидаты (диссертацияның тақырыбы: «Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың әкімшілік деліктілігінің алдын алудың ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері»)

Еңбек қызметі:

- Олжас Абайұлы еңбек жолын 2002 жылы Алматы қаласы Әділет басқармасында бөлімнің бас маманы ретінде бастады; 2005-2006 жылдары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Заң бөлімінің сарапшысы, бас сарапшысы болып жұмыс істеді; 2006-2009 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде жұмыс істеді.
- 2009-2012 жылдары Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті төрағасының орынбасары болды. 2012-2014 жылдары Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (Қаржы полициясы) орталық аппаратында Департамент бастығы қызметін атқарды. 2015-2016 жылдары

Астана қаласы әкімі аппаратының басшысы, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының хатшылығының меңгерушісі болды; 2016-2017 жылдары Астана қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) департаментінің басшысы болды. 2017-2018 жылдары Ақмола облысы әкімінің орынбасары; 2018-2019 жылдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары; 2019-2022 жылдары Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары болды.

- 2022 жылғы ақпаннан 2023 жылғы сәуірге дейін Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы болды. 2023 жылғы 3 сәуірде Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы болып тағайындалды.
- 2024 жылғы 6 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі болып тағайындалды.
- II дәрежелі «Айбын» (2014), II дәрежелі «Даңқ» (2021) ордендерімен марапатталған.



ШАРЛАПАЕВ ҚАНАТ БИСІМБАЙҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі,
Қазақстан Республикасы Президентінің
экономикалық мәселелер жөніндегі
көмекшісі

Сайланған күні:
сәуір 2025 ж.

Білімі:

- Саратов әлеуметтік-экономикалық университеті, Крэнфилд менеджмент мектебі (Ұлыбритания), экономист, қаржы және менеджмент магистрі.

Еңбек қызметі:

- Еңбек жолын 2003 жылы Ресей Федерациясының «Петрокоммерц» Банкінің клиенттермен жұмыс жөніндегі басқармасының менеджері болып бастаған.
- 2006-2008 жж. - Лондондағы, Прагадағы «Сити» инвестициялық банкінің Қаржы департаментінің маманы; 2008-2014 жж. - Ұлыбританияның «Сити» инвестициялық банкінің акциялар нарығындағы жұмыс жөніндегі өңірлік дивизионының аға талдаушысы, кіші вице-президенті, вице-президенті;
- 2014-2015 жж. - Ұлыбританияның «Сити» инвестициялық банкінің Еуропа, Таяу Шығыс және Африка бойынша стратегиялық жоспарлау және талдау өңірлік тобының вице-президенті;
- 2015-2017 жж. - Қазақстан Ситибанкінің бас қаржы директоры, Басқарма төрағасының орынбасары, аға вице-президенті;
- 2017-2020 жж. - Ресей, Украина және Қазақстан бойынша бас қаржы директоры, Ресей Федерациясы Ситибанкінің аға вице-президенті;

- 2020-2022 жж. - БАӘ «Сити» инвестициялық банкінің Африка, Таяу Шығыс және Шығыс Еуропаның дамушы нарықтарындағы стратегия, жоспарлау және талдау жөніндегі өңірлік директоры;

- 2022 жылғы ақпаннан 2023 жылғы қыркүйекке дейін – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасы;

- 2023-2025 жж. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі;

- 2025 жылғы 28 ақпаннан бастап - Президенттің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі.

³⁶ Қордың Директорлар кеңесінің құрамы 2025 жылғы 12 сәуірдегі жағдай бойынша ұсынылды.



ВОНГ ХЭН ФАЙН

Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор

Сайланған күні:
қазан 2024 ж.

Білімі:

- Бакалавр (инженер-механик), Лидс университетінің бірінші дәрежелі үздік дипломы
- Магистратура (инженерлік өндіріс және менеджмент), Бирмингем университеті

Еңбек қызметі:

- Х.Ф. Вонг әр түрлі салаларда (әзірлеуші, мердігер, кеңесші) басқарушылық лауазымдарда 40 жылдан астам тәжірибесі бар.
- Х.Ф. Вонг Cathay Organization, Sembcorp E&C, CapitaLand Residential Singapore және Surbana Jurong (SJ) сияқты жетекші жеке және қоғамдық компаниялардың дамуына үлес қосты. 2015 жылдан бастап Surbana Jurong компаниясының негізін қалаушы және бас директоры қызметін атқара отырып, компанияның алты есе өсуін қамтамасыз етіп, оны урбанистика, инфрақұрылым және басқару қызметтері саласындағы Азиядағы ең ірі консалтингтік фирмалардың біріне айналдырды. Оның басшылығымен Surbana Jurong бүкіл әлем бойынша 40-тан астам елде 120-дан астам кеңседе 16500-ден астам қызметкері бар жаһандық кадрлық әлеуетті қалыптастырды. 2022 жылдың қыркүйегінде зейнетке шықты.

- Х.Ф. Вонг бірқатар мемлекеттік ұйымдар мен жеке компаниялардың Директорлар кеңесінде, соның ішінде SusDev Pte Ltd, Building and Construction Authority (BCA), Fineland Holdings Pte Ltd, National University Health System Pte Ltd, Temasek Trust Ltd, Changi Airport International Pte Ltd, GSI Consulting Group Inc. Ол 2025 жылдың наурыз айының соңында BCA Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде жұмысын аяқтады.
- Х.Ф. Вонг COVID-19-ға қарсы күреске қосқан үлесі үшін «Қоғамдық қызмет жұлдызы» орденімен (BBM), NTUC May Day Awards 2020 Құрмет медалімен және iBuildSG Distinguished Fellow (Сингапурдың құрылыс басқармасы, BCA) құрметті мәртебесімен марапатталды, сонымен қатар оған сыбайлас жемқорлық қылмыстарды тергеу (CPIB) бонша Бюроның «Start Partner Award» сыйлығы берілді. Х.Ф. Вонг бұрын Корольдік бағалаушылар институтының мүшесі болған (RICS Fellow).



ЖӘМІШЕВ БОЛАТ БИДАХМЕТҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор

Сайланған күні:
шілде 2022 ж.

Білімі:

- Қазақ ауыл шаруашылығы институты - Экономика
- Экономика ғылымдарының кандидаты

Еңбек қызметі:

- Болат Бидахметұлы әр жылдары мемлекеттік қызметте басшылық қызметтер атқарды: 1997 жылғы қарашадан 1999 жылғы наурызға дейін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі; 1999 жылғы наурыздан 2001 жылғы маусымға дейін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі; 2001 жылғы маусымнан 2002 жылғы ақпанға дейін Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі; 2002 жылғы ақпаннан 2003 жылғы ақпанға дейін Қазақстан Республикасының бірінші қаржы вице-министрі; 2003 жылғы ақпаннан 2004 жылғы қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары; 2004 жылғы қаңтардан 2006 жылғы қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төрағасы.
- 2006 жылғы маусымнан 2007 жылғы қарашаға дейін Еуразиялық Даму Банкі (ЕАДБ) Басқарма төрағасының орынбасары; 2007 жылғы қарашадан 2013 жылғы қарашаға дейін - Қазақстан

- Республикасының Қаржы министрі; 2013 жылғы қарашадан 2014 жылғы тамызға дейін - Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі болды; 2014 жылғы тамыздан 2019 жылғы сәуірге дейін «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Басқарма төрағасы; 2020 жылғы сәуірден 2022 жылғы тамызға дейін «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы лауазымдарын атқарды.
- 2019 жылғы 2 қыркүйекте «Aitas KZ» АҚ тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.
- 2020 жылғы 30 қазанда «Bank RBK» Банкі» АҚ тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.
- 2022 жылғы 17 ақпанда «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінің төрағасы болып сайланды;
- «Құрмет», «Парасат», III дәрежелі «Барыс» ордендермен, медальдармен марапатталған.



ЛУКА СУТЕРА

Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор

Сайланған күні:
шілде 2020 ж.

Білімі:

- Боккони университеті (Италия) - Бизнес экономика магистрі дәрежесі
- IE Business School Халықаралық мектебі (Испания) - Global Executive MBA топ-менеджерлерге арналған MBA бағдарламасы
- Дипломды бухгалтер (CPA)
- Дипломды директор (CioD)

Еңбек қызметі:

- Лука Сутера 26 жылдық жұмыс өтілі бар қаржы және инвестициялар саласындағы тәжірибелі басшы, оның 19 жылы Еуропадағы, Ресейдегі және Таяу Шығыстағы жаһандық энергетикалық компаниялар мен тәуелсіз әл-ауқат қорларының қаржы директоры қызметін атқарды. Лука Сутера қазіргі уақытта Ұлыбританиядағы, Италиядағы, Испаниядағы, Франциядағы, Ирландиядағы, Германиядағы екі қорға және 18 портфельдік компанияға инвестицияланған 5 миллиард еуро активтері бар еуропалық инфрақұрылымға маманданған жетекші еуропалық инвестицияларды басқару фирмасы Asterion Industrial Partners компаниясының операциялық серіктесі болып табылады.

- 2015 жылдан 2020 жылға дейін Asterion Industrial Partners-ке келгенге дейін Лука Сутера Катарда орналасқан мемлекеттік жаһандық энергетикалық компания Nebras Power компаниясының бас қаржы директоры қызметін атқарды. 2011 жылдан 2015 жылға дейін Лука Сутера Абу-Дабиде орналасқан мемлекеттік жаһандық энергетикалық компания TAQA-да Global Power & Water Division бас қаржы директоры лауазымын атқарды.



МҰХАММЕД ДЖАМИЛЬ ИСМАИЛ ӘЛ РАМАХИ

Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор

Сайланған күні:
тамыз 2023 ж.

Білімі:

- Эвансвилл университеті (АҚШ) - Бизнесіні әкімшілендіру (қаржы)
- Комплаенс бойынша диплом

Еңбек қызметі:

- Мұхаммед Джамиль Исмаил Әл Рамахи - БАӘ-нің таза энергетика жөніндегі көшбасшысы және әлемдегі ең жылдам дамып келе жатқан жаңартылатын энергия көздерінің бірі болып табылатын Masdar компаниясының Бас директоры.
- Әл Рамахи мырза Masdar-ға алғаш рет 2008 жылы қосылды және компанияда он жарым жылға жуық уақыт бойы бас директор болып қызмет етті, 2016 жылы бас директор болып тағайындалғанға дейін қаржы директоры және бас операциялық директор лауазымдарын атқарды.
- Бас директордың міндеттерін орындаудан басқа, Аль Рамахи мырза атқарушы органдарда бірқатар көрнекті лауазымдарды атқарады. Ол Masdar компаниясының Атқарушы комитетінің төрағасы, Global Council on Sustainable Development Goals компаниясының Вице-төрағасы болып табылады, сондай-ақ Дубайдағы Mohammed Bin Rashid Al Maktoum Solar Park үшінші және алтыншы фазаларын дамытумен айналысатын тиісінше Emirates Waste to Energy Company, Shuaa Energy 2 PSC және

Shuaa Energy 4 PSC Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

- Әл Рамахи мырзаны Француз Республикасының Президенті Эммануэль Макрон ұлттық еңбегі үшін орденімен, сондай-ақ Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев БАӘ-нің екі елмен екіжақты қарым-қатынасын нығайтуға міндеттемесі үшін Достық орденімен марапаттады.
- Әл Рамахи мырза Энергетика институтының құрметті мүшесі болып табылады және 2023 жылы S&P Global Platts Бас директоры болып танылды, сонымен қатар бірқатар басқа халықаралық марапаттарға ие болды.



ЖАҚЫПОВ НҰРЛАН ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі,
«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма
төрағасы

Сайланған күні:
сәуір 2023 ж.

Білімі:

- Ресей Федерациясының СІМ Мәскеу Мемлекеттік халықаралық қатынастар институты, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті - Экономика бакалавры, Экономика магистрі, Экономика ғылымдарының кандидаты

Еңбек қызметі:

- Нұрлан Қаршығаұлы 2001-2003 жылдары Еуразия өнеркәсіптік қауымдастығында (ENRC) қаржы талдаушысы болып жұмыс істеді. 2003-2004 жылдары Chambishi Metals PLC (Замбия, Китве қ.) бизнес-менеджері және 2004-2007 жылдары Research, Investment and Development Ltd. жобалық менеджері болды. 2007-2009 жылдары Credit Suisse базалық материалдар тобында биржада сауда жасайтын компаниялардың акцияларының құны бойынша талдаушы болып жұмыс істеді. 2009-2011 жылдары «Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ басқарушы директоры, Басқарма мүшесі болды. 2011-2012 жылдары «RBS (Kazakhstan)» Еншілес банкі» АҚ инвестициялық банкінг департаментінің директоры, Астана қаласындағы өкілдігінің басшысы болды. 2012-2016 жылдары Инвестициялық банкінг департаментінің атқарушы директоры, Астана қаласындағы UBS AG Almaty Representative Office өкілдігінің басшысы болып жұмыс істеді.

- 2016-2017 жылдары «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ даму және инвестициялар жөніндегі басқарушы директоры - Басқарма мүшесі болды; 2017-2019 жылдары «Астана» ӘКК» АҚ Басқарма төрағасы болып жұмыс істеді.
- 2019-2020 жылдары Қазақстанда Rothschild & Co өкілі болды. 2020 жылдан бастап 2023 жылғы сәуірге дейін «Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company» Ltd. Басқарма төрағасы болып жұмыс істеді.
- 2023 жылдың 4 сәуірінен бастап «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалды.

2024-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Күні	Директорлар кеңесінің мүшесі	Оқиға
2023 жылдың 16 қаңтарынан 2024 жылдың 5 ақпанына дейін	Смайылов Әлихан Асханұлы	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды
2024 жылдың 6 ақпаны	Бектенов Олжас Абайұлы	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды
2022 жылдың 11 қаңтарынан 2024 жылдың 5 ақпанына дейін	Қуантыров Әлібек Сәкенұлы	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
2024 жылдың 6 ақпанынан 2024 жылдың 19 қазанына дейін	Байбазаров Нұрлан Серікұлы	Премьер-Министрдің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
2023 жылдың 4 қазанынан 2024 жылдың 16 мамырына дейін	Ерғалиев Әсет Арманұлы	Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
2024 жылдың 21 маусымнан бастап 2025 жылдың 17 ақпанына дейін	Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлы	Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
2024 жылдың 19 қазаны	Вонг Хэн Файн	Тәуелсіз директор ретінде Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
2025 жылдың 12 сәуірі	Шарлапаев Қанат Бисімбайұлы	Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ

2024 жылы Директорлар кеңесі белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес Қордың қызметіне стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асырды. Отырыстар шеңберінде тұрақты дамуды қамтамасыз етуге, басқарудың тиімділігін арттыруға және инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған мәселелер қарастырылды.

Директорлар кеңесінің отырыстары Қордың Директорлар кеңесінің бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын ұйымдастыру дауыс берудің бетпе-бет немесе сырттай түрін пайдалана отырып жүзеге асырылды.

2024 жыл ішінде Директорлар кеңесінің 17 отырысы өткізілді, оның ішінде 4-і бетпе-бет және 13-і сырттай өтті.

Барлығы 83 мәселе қаралды, олар бойынша тиісті шешімдер қабылданып, 202 тапсырма берілді.

Директорлар кеңесінің 2019 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңдегі қызметін талдау отырыстар санының 10-нан 17-ге дейін өскенін куәландырады, бұл ретте ең жоғары мәні 2023 жылы (20 отырыс) тіркелген. Бір мезгілде бір отырысқа сұрақтардың орташа санының төмендеуі байқалады, бұл күн тәртібіне қойылған мәселелердің терең қаралуын көрсетеді. 2024 жылы кездесулерді сырттай өткізу үрдісі жалғасты, бұның бір себебі елдегі су тасқыны жағдайына байланысты болды, бұл 2024 жылғы сәуірде жоспарлы бетпе-бет отырысын сырттай форматта өткізуге негіз болды.

2024 ЖЫЛ ІШІНДЕ
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
17
отырысы өткізілді

БАРЛЫҒЫ
83
мәселе қаралды

Көрсеткіш	2019	2020	2021	2022	2023	2024
Кездесулер саны	10 (6 бетпебет /4 сырттай)	15 (5 бетпебет/ 10 сырттай)	10 (8 бетпебет/ 2 сырттай)	18 (12 бетпебет/ 6 сырттай)	20 (8 бетпебет/ 12 сырттай)	17 (4 бетпебет/ 13 сырттай)
Сұрақтар саны	88	101	116	121	111	83
Бір отырысқа арналған сұрақтардың орташа саны (бүтінге дейін дөңгелектенген)	9	7	12	7	6	5

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

№	Директорлар кеңесінің мүшесі, лауазымы	Қатысу/2024 жылы Директорлар кеңесі отырыстарының жалпы саны
1.	О.А. Бектенов – Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі	16/16
2.	А.А. Смайылов – Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі	1/1
3.	А.А. Ерғалиев – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі	4/5
4.	Е.К. Жамаубаев – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі	9/11
5.	А.С. Қуантыров – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі	1/1
6.	Н.С. Байбазаров – Директорлар кеңесінің мүшесі, Премьер-Министрдің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі	10/12
7.	Б.Б. Жәмішев - тәуелсіз директор	17/17
8.	Л. Сутера - тәуелсіз директор	15/17
9.	Әл Рамахи М. - тәуелсіз директор	14/17
10.	Х.Ф. Вонг - тәуелсіз директор	4/4
11.	Н.К. Жақыпов - Директорлар кеңесінің мүшесі, Қор басқармасының төрағасы	17/17

Ескерту: Директорлар кеңесінің мүшелері Қордың Директорлар кеңесінің отырыстарына дәлелді себептермен қатыспады

ҚОРДЫҢ ҰЙЫМНЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ЖӨНІНДЕГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚАБЫЛДАҒАН ШАРАЛАР

2024 жылы Директорлар кеңесі ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізуге және активтерді басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған негізгі шешімдерді қабылдай отырып, Қордың қызметін стратегиялық басқаруды қамтамасыз етті. Директорлар кеңесі 2025-2029 жылдарға арналған орта мерзімді кезеңге міндеттер қою және Қордың 2023-2027 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары шеңберінде 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қор қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуына мониторинг жүргізу шеңберінде маңызды салалық бастамаларды қарастырды. Қор тобы компанияларының инвестициялық жобаларының мониторингіне ерекше назар аударылды. Жобаларды уақтылы іске асыру үшін жауапкершілікті арттыру мақсатында 2023 жылдан бастап осындай жобалар бойынша негізгі міндеттер келесі жылға

көшумен Қордың мотивациялық көрсеткіштер жүйесіне енгізілді.

2024 жылғы қыркүйекте Директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық жоспарларына сәйкес Үкіметаралық келісімдерге негізделген жобалар тізбесін кеңейте отырып, «Ірі инвестициялық жобаларды іске асыру» корпоративтік негізгі көрсеткішін қайта қарады.

Жобаларды іске асыру мониторингі барысында Директорлар кеңесі жобаларының мерзімдерін немесе құнын ұлғайту тәуекелдерін азайту үшін, оның ішінде мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу мәселелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар әзірледі.

Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 Қаулысы шеңберінде жекешелендіру жоспарын іске асыруға белсенді қатысты. 2024 жыл ішінде Қор тобының екі ірі активін сату бойынша шешімдер қабылданды. Директорлар кеңесі жоғарыда аталған қаулыны орындау үшін 2023 жылдың қорытындысы бойынша және 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекешелендіру жоспарларының орындалу барысы туралы егжей-тегжейлі есепті жылына екі рет қарады.

Директорлар кеңесінің кезекті бетпе-бет отырысында 2024 жыл ішінде негізгі оқиғалар туралы ақпаратты, өндірістік және қаржылық көрсеткіштер бойынша жедел деректерді, Қор тобының сатып алуларында отандық тауар өндірушілерді қолдау туралы ақпаратты, компаниялар тобының қайырымдылық қызметі мен Қор жоспарларын қамтитын Қордың CEO ақпараттық есептерін тыңдау өткізілді. Осы есеп шеңберінде Қордың Директорлар кеңесінің тапсырмасына сәйкес F3TKJ дамыту саласындағы жұмыстың орындалу барысы туралы ақпарат берілді.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі шеңберіндегі мәселелерді талқылауға белсенді қатысады және тиісті бизнес-процестердің тиімділігі мен жақсаруы бойынша ұсыныстар береді. Тәуекелдерді басқару тиімділігін арттыру және ықтимал сын-тегеуріндерге жедел ден қою мақсатында 2024 жылғы желтоқсанда Директорлар кеңесі есептілікті қалыптастыру мен ұсыну тәсілдерін қайта қарады. Тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептер оларды дайындау сәтіндегі өзекті қаржылық деректерді ескере отырып қалыптастырылады және есепті кезең аяқталғаннан кейін бір айдан кешіктірілмей ұсынылады.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру және оны Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 8 мамырдағы №542 Жарлығымен көзделген экономиканы ырықтандыру қағидаттарына сәйкес келтіру мақсатында Директорлар кеңесі Қордың корпоративтік басқару кодексін Тәуелсіз директорларды конкурстық іріктеудің ашықтығын арттыруға,

олардың Директорлар кеңестерінің құрамындағы үлесін 60%-ға дейін ұлғайтуға бағытталған түзетулерді қолдады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған жағдайларды қоспағанда кадрлық шешімдерді, сатып алуды жүзеге асыруды және өндірістік процестерді қоса алғанда, Қордың портфельдік компаниялардың жедел қызметіне араласпауын қамтамасыз ету.

2024 жылы Директорлар кеңесі деңгейінде негізгі есептер, оның ішінде Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестігі туралы есеп қаралып, бекітілді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметімен өзараәрекеттесу туралы келісімнің іске асырылу барысы туралы есеп назарға алынды.

Сонымен қатар, 2024 жылдың маусымында Директорлар кеңесі 2023 жылға арналған жылдық есеп пен Тұрақты даму есебін бекітті. Тұрақты даму саласындағы есеп GRI халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалды және ISAE 3000 стандартына сәйкес «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз сыртқы куәландырудан өтті. Сонымен қатар, тұрақты даму саласындағы есептілік түпнұсқа Content Index белгісін иеленіп, алғаш рет GRI Services тексеруінен өтті.

Директорлар кеңесі 2024 жылы қараған ең маңызды мәселелер:

Есептемелер	- SEO есебі - Қор тобының ірі инвестициялық жобаларының мониторингі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 қаулысын орындау шеңберінде Қордың және оның еншілес ұйымдарының активтерін сатуға шығару барысы туралы есеп - Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қор арасындағы Өзара әрекеттесу туралы келісімнің іске асырылу барысы туралы есеп - Директорлар кеңесі комитеттерінің 2023 жылғы қызметі туралы есептер - Тәуекелдер туралы тоқсан сайынғы есеп - Қордың 2023-2027 жылдарға арналған 2023 жылғы Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп 2023 жылғы Қайырымдылық бағдарламасының орындалуы туралы есеп
Стратегиялық мәселелер және мәмілелер жасасу мәселелері	- Қордың 2025-2029 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспарын және Қордың 2025 жылға арналған бюджетін бекіту - Жылдық қаржылық есептілікті және 2023 жылғы таза табысты бөлу тәртібін бекіту - Қор қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерін бекіту - Қордың облигацияларын шығару және оларды шығару шарттарын айқындау жолымен қаражат тарту - Жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу - Активтерді бәсекелестік ортаға берудің кейбір мәселелері туралы - Басқа заңды тұлғаларға қатысу үлестерін сатып алу, иеліктен шығару - Қордың басқа заңды тұлғалардың қызметіне қатысуының кейбір мәселелері туралы
Корпоративтік басқару мәселелері	- Қордың Корпоративтік басқару кодексін өзгерістер мен толықтыруларды енгізу - Директорлар кеңесінің 2025 жылға арналған Жұмыс жоспарын бекіту 2023 жылғы Жылдық есепті бекіту - Тұрақты даму саласындағы 2023 жылғы есепті бекіту - Комитеттер қызметінің мәселелері, олардың құрамын қоса алғанда 2023 жылғы Корпоративтік басқару кодексін қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепті бекіту
Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту	Қордың ішкі нормативтік құжаттарының өзгерістерін бекіту
Директорлар кеңесіне есеп беретін құрылымдардың мәселелері	- Комплаенс қызметінің, Ішкі аудит қызметінің және Омбудсменнің есептері - Ішкі аудит қызметінің кадрлық мәселелері - Комплаенс қызметінің Жұмыс жоспарын және 2025 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарды бекіту



ҚОР ТОБЫ БОЙЫНША КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН ОДАН ӘРІ АРТТЫРУ

Корпоративтік басқаруды күшейту - компаниялардың ұзақ мерзімді құнын арттырудың негізгі аспектілерінің бірі. Корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибелерін іске асыру акционерлер мен инвесторлар тарапынан қорға деген сенім

деңгейін арттыруға, қарыз капиталының құнын төмендетуге және нәтижесінде компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыруға мүмкіндік береді. 2024 жылы Қор осы бағытта бірқатар іс-шаралар өткізді.

ҚОРДЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН ӨЗЕКТЕНДІРУ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын орындау шеңберінде Қорды және оның еншілес және тәуелді компанияларын корпоративтік басқарудың дербестігін, сапасы мен тәуелсіздігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 15.08.2024 ж. №659 қаулысымен Қордың Корпоративтік басқару кодексіне түзетулер енгізілді. Атап айтқанда,

- кадрлық шешімдерді, сатып алуды жүзеге асыруды және өндірістік процестерді қоса алғанда, Қордың Компанияның жедел (ағымдағы) қызметіне араласпауы туралы нормалар күшейтілді;

- компанияның Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының алпыс пайызына дейін ұлғайтылды;
- Қордың ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен конкурстық негізде Қордың, компаниялар мен ұйымдардың тәуелсіз директорларын іздеу және іріктеу туралы ережелер енгізілген;
- Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлерге қойылатын қосымша талаптар енгізілген.

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мемлекет басшысының мемлекет қатысатын компаниялардың басшы органдарында әйелдер үлесін кезең-кезеңімен 30%-ға дейін арттыру жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде Қордың Корпоративтік басқару кодексіне Қордың портфельдік компанияларының, ондай-ақ Қордың атқарушы органдарының және оның қоржындық компанияларының құрамындағы мүшелердің жалпы санының, кем дегенде, 30%.

Осы міндет шеңберінде Қор тұрақты негізде ЖК ДК/БК құрамындағы әйелдер санына талдау және мониторинг жүргізеді. Қор және оның ПК Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ПК ДК және ЖК құрамдарына сайлау талаптарына сәйкес келетін әйел кандидаттарды іздестіруді және іріктеуді жүргізеді.

Сондай-ақ, Қор Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиямен гендерлік теңдік мәселелері бойынша тұрақты негізде ынтымақтасады. Осылайша, Ұлттық комиссиямен бірлесіп, «Гендерлік теңдік» мемлекет қатысатын компаниялардың басшы органдарында әйелдердің үлесін арттыру бағдарламасы іске асырылды. Жоба ДК мен басқару органдарында әйелдердің қатысу үлесін арттыру үшін басқару дағдыларын дамытуға және әйел көшбасшыларды дайындауға бағытталған.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша портфельдік компаниялардағы ДК/ЖК құрамындағы әйелдер үлесінің орташа өлшенген көрсеткіші 17%-ды құрады.

ДК/ЖК НС ҚҰРАМДАРЫН ЖАҢАРТУ

Қордың Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес Директорлар кеңестерінде және Бақылау кеңестерінде, сондай-ақ олардың жанындағы комитеттерде компания мүддесі үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің теңгерімі сақталуы керек.

Компаниялардың директорлар кеңестері компаниялар қызметінің ашықтығы мен заңдылығын, атқарушы органды тиімді басқаруды, даму стратегиялары мен жоспарларының орындалуын қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша қажетті шаралар қабылдауға, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін дамытуға тиіс.

Осыған байланысты, Қазақстан заңнамасының, Қордың Корпоративтік басқару кодексінің және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес Қор компаниялары қызметінің мақсаттарын, міндеттерін, жоспарлары мен салалық бағыттарын ескере отырып, Қордың портфельдік компанияларындағы директорлар кеңестері мен бақылау кеңестерінің кәсіби құрамын сапалы жаңарту бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілуде.

АҚПАРАТТЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН АШЫЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қор Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, атап айтқанда Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының, Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» заңының, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының, Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің, сондай-ақ Қордың Корпоративтік басқару кодексінің және Қордың ақпаратты ашу және сақтау жөніндегі ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ақпаратты ашады.

Осы жұмыс шеңберінде нарыққа талдау және ДК мен БК-не әлеуетті кандидаттарды іздеу, құжаттар тізбесін қалыптастыру, кездесулер/сұхбаттар өткізу, белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру, кандидатураларды мүдделі тұлғалармен келісу, ЖК уәкілетті органдарының тиісті корпоративтік шешімдерін дайындау және қабылдауды қамтамасыз ету жүргізіледі.

Жүргізіліп жатқан жұмыстың нәтижесінде ДК және БК құрамдары сапалы жаңартылады, салалық сараптама деңгейлері жоғарылайды, гендерлік құрамдас бөлігі жақсарады.

2024 жылы Қордың портфельдік компанияларындағы директорлар кеңестері мен бақылау кеңестерінің құрамдары тиісті салалық сараптамасы мен жұмыс тәжірибесі бар үздік сарапшыларды тарту арқылы жаңартылды, бұл әсіресе Қордың ірі компанияларының өткізілетін IPO/SPO шеңберінде маңызды. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде Қор мен портфельдік компанияларының Директорлар кеңестері мен бақылау кеңестері едәуір күшейтілді, жаңа құзыреттер енгізілді.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

2024 жылы ЭЫДҰ дайындаған Қазақстандағы Мемлекеттік кәсіпорындарды Корпоративтік басқарудың шолуында Қордың корпоративтік басқаруының ЭЫДҰ-ның жалпы қағидаттары мен тәсілдеріне сәйкестігі туралы оң қорытынды көрсетілген.

Атап айтқанда, шолуда Дүниежүзілік Банктің мәліметтері бойынша Ұлттық әл-ауқат қоры туралы заң және оның саясаты, стандарттары, ережелері мен қағидалары Қордың барлық компанияларына қолданылады, бұл саясат пен тәжірибенің көп бөлігі жақсы халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді.

Шолуда «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексі ашықтық пен есептілікті арттыруға, адам құқықтарын құрметтеуді және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге бағытталғандықтан маңызды жетістіктердің бірі болып табылатыны, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарларын әзірлеуді көздейтіні көрсетілген.

ЭЫДҰ ұсынымдары корпоративтік басқаруды дамытудың негізгі көздерінің бірі ретінде қабылданады. Алдыңғы есептерде баяндалған қорытындылар мен ұсыныстарды ескере отырып, ішкі процестерді жақсарту бойынша дәйекті жұмыс аясында Қор кодексті дайындап, оны неғұрлым сыйымды және құрылымды ете отырып, өзгерістер енгізді. Бұл ретте, Кодекс Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексінің ережелері мен ЭЫДҰ қағидаттарын қоса алғанда, корпоративтік басқару саласындағы үздік халықаралық практикаға сәйкес келтірілген. Халықаралық тәжірибелер, қорытындылар мен ұсынымдар синергиясына негізделген кешенді тәсіл Қорда және компаниялар тобында корпоративтік басқаруды тұрақты жетілдіруге бағытталған.

2025 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАНҒАН НЕГІЗГІ ЖҰМЫСТАР

- Қор Кодексінің ережелерін ескере отырып, ЖК-де корпоративтік басқару кодекстерін өзектендіру бойынша процестердің мониторингі;
- Мемлекет басшысының мемлекет қатысатын компаниялардың басшы органдарындағы әйелдер үлесін кемінде 30% деңгейге жеткізу жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ЖК ДК/БК құрамындағы әйелдер үлесін ұлғайту үшін әйел үміткерлер пулын қалыптастыру жөніндегі жұмысты жандандыру.
- ЖК-нің корпоративтік басқару деңгейіне, оның ішінде корпоративтік басқару мәселелері бойынша жоспарлардың орындалуы бойынша есептерді және ESG бойынша жоспарларды қарау арқылы мониторинг жүргізу.
- ЖК ДК/БК жұмысының тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамасының, Корпоративтік басқару кодексінің және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес ЖК ДК және БК құрамдарын жаңарту.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Қордың Директорлар кеңесінің қызметін бағалау Қордың Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 181 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің қызметін бағалау туралы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

2023 жылы осы Ереже Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Қорының Директорлар кеңесінің құрамына кіруіне байланысты жаңа редакцияда бекітілді, бұл ережені Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі лауазымы бойынша Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылған жағдайда, Директорлар кеңесінің қызметін бағалауды жүргізу тәртібін белгілейтін нормалармен толықтыруды талап етіледі.

2024 жылы Директорлар кеңесі төрағасының басшылығымен Директорлар кеңесінің мүшелеріне, оның комитеттеріне және Корпоративтік хатшының қызметіне өзін-өзі бағалау түрінде сауалнама жүргізу арқылы Қордың Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізілді. Жалпы, Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің жұмысына оң баға беріп, Директорлар кеңесі Қордың миссиясын, көзқарасын, стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен негізгі міндеттерін, проблемалары мен құндылықтарын толық түсінетінін және негізгі мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде жоғарыда айтылғандардың барлығын ескеретінін атап өтті.

